

ТІЛ САЯСАТЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҒЫ ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА И ЯЗЫКОВАЯ ПОДГОТОВКА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ LANGUAGE POLICY AND TRAINING OF CIVIL SERVANTS

УДК 81'272:311.312(574)

Э. Н. Оразалиева,
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
Мемлекеттік және шет тілдер
кафедрасының меңгерушісі

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ТҰҒЫРЫ

Аннотация

Статья посвящена вопросам развития и совершенствования государственного языка как фактора государственности и глубокого понимания национальной идеи, патриотизма, личного карьерного роста. В ходе анализа основы языковой политики с опорой на статистические данные языковой ситуации в Казахстане, актуализируются причинно-следственные отношения языковой подготовки и планирования.

Ключевые слова: языковая политика, языковая ситуация, стратегические задачи, государственность, национальная идея, языковая подготовка и планирование

Аңдатпа

Мақала мемлекеттік тілдің дамуы мен жетілдірілуін мемлекеттіліктің факторы, ұлттық идея мен патриоттық ойлаудың, жеке тұлғалық өсудің терең түсінігі ретінде қабылдау арқылы анықталатын өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Тілдік саясатты талдай отырып және Қазақстандағы тілдік жағдай бойынша статистикалық мәліметтерді басшылыққа ала келе, тілдік дайындық пен жоспарлау шараларының себеп-салдарлық байланысына баса назар аударылды.

Тірек сөздер: тілдік саясат, тілдік жағдай, стратегиялық міндеттер, мемлекеттілік, ұлттық идея, тілдік дайындық пен жоспарлау

Abstract

The article is devoted to the development and improvement of the state language as a factor of statehood and deep understanding of the national ideas, patriotism, personal career growth. According to the analysis of the bases of language policy and the statistical data of the language situation in Kazakhstan now the causal relationship of language preparation and planning are actualizing.

Key words: language policy, language situation, strategic objectives, statehood, national idea, language training and planning

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған түйінді де өзекті ойлардың бірін: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді... Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» (1) деген тұжырымдар тізбегі анықтады. Ел болашағын ортақ мақсат пен бір мүдде биігімен сабақтастырған Елбасы «мемлекет – ел – тіл» ұғымдарының үштік одағын жауапты ізденіспен, жоспарлы әрекетпен, стратегиялық міндеттермен, ауқымды серпіліспен, саламатты өмір салтымен, экономиканың ғылыми қамтымды моделімен тығыз байланыстырды. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасына негізделген тілдік жағдай мен тілдік процестер мемлекеттің тіл саясатын қалыптастыра отырып, тілдік жоспарлаудың динамикасы мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі шекаралас өңірлердегі демографиялық ерекшелікті қамтыған геосаяси жағдай, азаматтық идентификация және этникалық қатыстылық, сұраныс пен қызығушылық деңгейін анықтау, жалпы миграция немесе көші-қон процестері мен эмоционалдық сипат сияқты мәселелер тілдік жоспарлаудың негізін құраумен қатар, саяси, әлеуметтік, лингвистикалық және мәдени зерттеулердің нысанына айналып отыр. Қазақстан азаматының конституциялық құқығын іске асыру мен

мемлекеттік тілді үйренуінің жеке тұлғалық дәйегін талдау Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдай бойынша күн тәртібінде тұрған проблемалар мен олардың шешімін ескере отырып, нақты мәліметтер жинақтауға септігін тигізеді. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында аталып өткендей: «Жауапты тілдік саясат қазақ ұлтын біріктіретін негізгі фактор» болып табылады (2).

Бүгін тілдік жоспарлау шешімдерінің кезең-кезеңімен іске асуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығына және Үкімет алдына қойылған міндеттерге сүйене анықталады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына, 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңға сәйкес 2011 жылы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Аталмыш құжаттың мақсатын «Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты» (3) айқындады. Бағдарламаның нысаналы индикаторларын мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі, мемлекеттік тілді B-1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесі, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі, ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесі, үш тілді меңгерген тұрғындардың үлесі және т.б. көрсеткіштер сұрыптады.

2001–2010 жылдарға арналған бірінші Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижесінде төмендегідей мәселелерді шешу міндеттерінің негізі қаланды: мемлекеттік тілді оқыту инфрақұрылымын кеңейту, жаңа инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізе отырып, тіл оқытудың әдістемесін жасап шығару, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру. Әр түрлі факторлардың әсері нәтижесінде жоғарыда аталған мәселелер қоғамда мемлекеттік тілдің біркелкі деңгейде меңгерілмегенін әрі оқытудың жалпыға бірдей әдістемесі мен стандарттарын іске асыру қажеттігін дәйектеді. Осы қатарда мемлекеттік тілдің әр саладағы әлеуметтік-коммуникативтік белсенділігін көтеру қажеттілігі де аталып өтеді. Аталған бағыттардың барлығы дерлік мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылықты көтере отырып, тіл мәдениетін жетілдіру құндылығын шарттайды.

Мемлекеттік тілдің қоғам мүшелері арасындағы әлеуметтік бағыт-бағдарын нақтылау барысындағы орнын талдап көрсету қажеттігі әлеуметтік зерттеулердің маңыздылығын өзектеуге көмектеседі. Халықтың сұраныс деңгейі респонденттерді іріктеумен, сауалнама географиясын нақтылаумен және арнайы әдістерді қолдана отырып, өңірлік, ұлттық, әлеуметтік кесіндідегі сипаттық ерекшеліктерін көрсетумен тығыз байланысты болғандықтан, әлеуметтік зерттеу нәтижелері шындыққа жақындатылған статистикалық мәліметтерді саралауға және тілдік жағдайдың көрінісін дәйектеуге мүмкіндік береді. 2012 жылы өткізілген Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты дайындаған әлеуметтік зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, бірнеше типтік ерекшеліктердің орын алатындығы байқалды. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты (әлеуметтік зерттеулер нәтижесі)» атты басылым 2012 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің арнайы тапсырысымен дайындалып, баспаға А. Садуақасова мен Б. Рахмиеваның редакциясымен ұсынылды (4). Зерттеу нәтижелері бет-бет немесе face-to-face әдісін қолдану негізінде 14 облыстан және республикалық маңызы бар Астана мен Алматы қалаларынан 6013 адамнан интервью-сұхбат негізінде жинақталды. Оның 3013 респондентін мемлекеттік қызметшілер құраса, 3000-ын білім беру жүйесінің барлық сатыларын қамтыған тұлғалар нақтылады. Сауалнама жүргізу нәтижесінде сұралғандардың 51,8%-ы мемлекеттік тілді меңгергенін атап өтті. Дегенмен, тілдік қатынас біріншілерімен талдағанда бұл көрсеткіштің біркелкі сипат алмайтындығы да айқындалды: 41,1%-ы еркін сөйлеп, жаза да, оқи да алады; ал 10,7%-ы тек кәсіби лексиканы меңгере отырып, еркін сөйлеу деңгейінде ғана білетіндіктерін атап өтті. Сұралған респонденттердің 59,8% көрсеткішінде орыс тілін еркін меңгергенін, алайда 22,8%-ы сауатты жазу нормаларына қатысты сәлсіздік байқататындықтарын ескертті. Өз ұлтының тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатындардың саны 79,9%-ды құраса, ағылшын тілін білетіндер көрсеткіші 3,9%-бен шектеледі.

Аталмыш көрініс этникалық қатыстылық, жас ерекшелігі, білім алу деңгейі, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі сияқты бірліктермен нақтыланды. Нәтижесінде мемлекеттік тілді меңгеру мәселе деңгейі мен жасына қатысты жоғары көрсеткішті қазақ этносы құрады. Бұл көрсеткіш 84,2%-бен сараланды, оның 18-і 29 жас аралығындағы сандық бірлігін 62,4% құраса, 69,1%-ын бітпеген жоғары деңгейіндегі тұлғалар және 53,4%-ын жоғары білімі мен ғылыми атағы барлар анықтады. Атап өтетін мәселе – мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің басым көрсеткішін бітіріп, оны 60% бен 70% деңгейіне көтеруге ауыл тұрғындары құрап отыр. Түсініктеме – тілдік ортада өсу мүмкіндігі, дәстүрлері мен мәдениеті сақтау

дәрежесі, отбасындағы тәрбиенің ана тіліне құрылу сипаты және ақпараттық кеңістіктің қазақ тілінде таралу ерекшелігі, кей жерлерде шекаралас көрші елдердің бағдарламаларын көру мүмкіндігінің байқалуы. Тілдік дайындықтың бұл деңгейі өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі, олар – шекаралас көршілердің тілімен сабақтасу сипаты, әдеби нормадағы тілдерге қарағанда диалектілердің сақталуы, кәсіби лексиканың өте аз мөлшерде таралуы.

Тілдік және азаматтық идентификация мәселесі негізінде Қызылорда (97,3%) мен Атырау (80%) облыстарында жергілікті тұрғындардың санасында ана тілі ретінде қазақ тілінің орныққаны көрсетіледі (4; 22). СҚО, Қарағанды және Қостанай облыстарында, керісінше, орыс тілінің басымдығы байқалады, бұл көрсеткіш 67,1%, 64,3% бен 63%-ды құрады. Жас ерекшелігіне қарай қазақ тілін туған тілі деп қабылдайтындар санының жоғары үлесі 18 бен 29 жас аралығын қамтыды, ол 66,7%-бен сипатталды, ал 61 мен одан жоғары жас аралығында аталмыш көрсеткіш сәл төмендегені байқалды, ол үлес 57,9%-бен анықталды. Қала мен ауыл арасындағы арасалмақ анықталған жағдайда, әдеттегідей ауылдық мекендер бойынша басымдық көзге түсті, ол 62,1%-ды құрады (4; 19).

Бұл бағытты зерттеу барысында сауалнамаға қатысушы тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы маңызды рөл атқарады. Адамның жас, жыныс ерекшелігі, ұлты, білім деңгейі, мамандығы, жұмыс өтілі, қызметтегі лауазымы – барлығы бірлесіп келіп тілдік дайындықтың жеке тұлғалық әрі кәсіби өсу процесіндегі орнын нақтылау барысындағы құндылығын дәлелдейді. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер мен салыстырмалы талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің 18,9%-ы ғана мемлекеттік тілді еркін меңгергені дәйектеледі. Тілдік қатынастың қатысымдық бірліктерімен шаққанда, бұл пайыз қазақ тілін түсіну, қабылдау және сол тілде сөйлеу деңгейінің әр түрлі екендігін көрсетеді – сұралғандардың 41,2%-ы қазақ тілін қажет деңгейде меңгерген, ал қалған 7,1%-ы ауызша сөйлеуді, 9,7%-ы түсініп, қарым-қатынас жасауды, 7,8%-ы тек түсіну деңгейін қамтитындықтарын атап өтеді. Мемлекеттік тілді меңгермеген респонденттер саны 14,1%-ды құрайды, оның 11,1%-ы жеке фразалық тіркестерді ғана түсінсе, 3,1%-ы мүлдем білмейтіндер қатарын анықтайды (4; 67). Бұл көрсеткіш топтық дайындық барысында да жеке тұлғалық форматтың сақталуын қажет етеді. 2012 жылы Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты дайындаған мәліметтерге сәйкес, қазақ тілінің меңгерілу деңгейі өңірлік көрсеткіштер тұрғысынан өзгешеленетіні дәлелденді. Айталық, СҚО-да бұл сандық бірлік 17,1%-ды, ал Қарағанды облысында 8,2%-ды және ШҚО-да 6,7%-ды құрады. Батыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қазақ тілінде еркін сөйлеушілер саны 61,8% бен 58,7% аралығын қамтыды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, «Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз» (2).

Мемлекеттік тілді меңгеру қажеттігінің түсінігі мен қабылдауын қалыптастыру мақсатында мәжбүрлеу емес, ынталандыру ұстанымдарын басшылыққа алған дұрыс, сол арқылы әр адамның тұлғалық құзыретін арттыруға болатынын ескеру керек. Бұл жағдайда, тілдік құралдар қарым-қатынас негізін құрай келе, танымдық ақпараттың басты базасына айналатыны да ақиқат. Осыған орай, бүгінгі күні мемлекеттік тілде дайындалатын әр адамның қатысымдық құзыреті мәселесі де аса маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде әр адамның қатысымдық құзыреті оның тұлғалық әрі кәсіби өсу дәрежесін дәйектеумен қатар, ақпараттың қабылдану, өңделу сипатымен де, белгілі бір мәселелер бойынша шешім қабылдаудың шығармашылық деңгейімен де айқындалады. Оның астарында әрқайсысының тілдік қорды пайдалануға дайындығы да, білім алудың мақсаты да, нақты жоспарлау мен жинақтау дәйегі де көрініс табады. Жалпыға ортақ бағытталған әдіс-тәсілдермен қатар, жеке адамның сұранысына негізделген оқыту құралдарын пайдалану прагматикалық нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі, өйткені өз бағыт-бағдарын нақтылаған адам көрсетілген білім беру жүйесіндегі қызмет сапасын да бағалай алады, оған қояр талабын да дәл көрсете алады, лингвистикалық қор да сол тұлғалық дамудың бір арнасын құрайды.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының орындалу деңгейі туралы Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінің Басшысы К. Мәсімовтің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 146 – 6 ПАБ тапсырмасына орай дайындалған мәліметтерге сәйкес (5), негізгі индикаторлар мен нәтижелер бойынша

есеп дайындалды. Оған төмендегідей көрсеткіштер енді: біріншіден, мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін құрайтын көрсеткіштер 2012 жылғы жоспармен салыстырғанда 2,5%-ға артық орындалып, 67,5%-ға жетті; екіншіден, мемлекеттік тілді В-1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін 2012 жылға нақты көрсету жоспарланбағанымен, 2017 жылғы 70%-ға жету мақсатында қазақ тілінің оқу жетістіктерін сыртқы бағалаудың (ОЖСБ) міндетті компонентіне енгізілгені хабарланады. Оның сыртында ҚР Білім және ғылым министрлігі дайындаған мәліметтерге сүйенсек, 2013 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) рәсімі де 2 кезеңге бөлінген пилоттық жоба бойынша қазақ тілі мектеп бітірген кездегі аттестаттауда міндетті пән болып саналады және бейіндік пәндермен бірге жоғары оқу орнына қабылдау емтихандарының тізбесіне енгізіледі, бұл жоба 2014 жылы эксперимент ретінде жүргізілсе, 2015 жылы толық қолданысқа енеді деп жоспарлануда. Үшіншіден, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі 2014 жылға қарай 53 % құрау керек деп жоспарланса, 2012 жылғы санақ бойынша аталмыш көрсеткіш қазірдің өзінде 52%-ға жеткен. Төртіншіден, ономастикалық комиссия жұмысы мен терминологиялық қордың үлесін анықтайтын көрсеткіштер жеке-жеке аталып өтсе де, олардың жүзеге асырылуы бойынша 2012 жылға жоспарланған сандық бірліктері көрсетілмеген. Дегенмен, бұл бағыттарда да жұмыстар атқарылып жатыр. Оған дәлел ретінде есепті кезеңде мемлекеттік терминологиялық комиссияның 4 отырысы, салалық терминологиялық жұмыс тобының 1 отырысы өткені хабарланады. Келесі кезектегі сандық үлес республикадағы орыс және ағылшын тілін әрі үш тілді де қатар меңгерген ересек тұрғындардың көрсеткішімен анықталған, олардың әрқайсысы бүгінгі күні 2014 жылға жоспарланған алғашқы өлшем бірліктерімен нақтыланған. Аса қажет бағыттардың бірін ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесі құрайды. 2014 жылғы жоспар бойынша бұл көрсеткішті 60%-ға жеткізу көзделсе, МАМ стратегиялық жоспарын іске асыру аясында жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге сай аталмыш индикатор бүгінгі күні 57%-бен өлшеніп отыр.

Этникалық кесіндідегі бұл көрсеткіштер бойынша және «Мемлекеттік тілді қалай үйреніп жатырсыз не болашақта қалай үйренуді жоспарлайсыз?» деген сұраққа берілген жауаптар негізінде төмендегідей мәселелер анықталып отыр: біріншіден, мемлекеттік тілдің сапалы да сауатты деңгейде меңгерілуін тілдік қатынастың барлық сатыларында қамтамасыз ету – оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім; екіншіден, жаңа инновациялық технологияларды басшылыққа ала отырып, тіл үйрету сапасын көтеру – оқыту бағдарламаларын уақыт талабына сай қажет тақырыптық және лексикалық бірліктермен жабдықтау, сапалы оқу-әдістемелік құралдарды, электрондық оқулықтарды дайындау және қолдану, педагог мамандардың біліктілігін және бәсекеге қабілеттілігін басшылыққа алу және т.б. Оның себебін мемлекеттік тілді үйренуге мүдделі респонденттердің сандық көрсеткішімен дәлелдеуге болады – бүгін орыс халқының өкілдері бұл санақтың 13,8%-ын ғана құраса, өзге ұлт өкілдері арасында ол одан да төмен деңгейде байқалып отыр (10,8%).

Әлеуметтік зерттеулерде көрсетілгендей, қамтылған респонденттердің 91,5%-ы, яғни басым көпшілігі қазақ тілін үйренуді әлі қолға алған жоқ. Оның себебін сауалнамаға жауап бергендердің 42,1%-ы тілді білетіндіктерімен түсіндірсе, 3,3%-ы жоспарлаудамыз деп мәлімдеді. Мемлекеттік тілді үйреніп жатқандардың көрсеткіші 8,5 %-ды құрады. Өңірлік ерекшеліктерге сүйене отырып талдау жасағанда, тіл үйренушілер ара салмағының біркелкі еместігі де назарға алынды – БҚО-да бұл сандық пайыз 28,2% болса, Павлодар облысында 16,3%-ды, Атырау облысында 13,3%-ды, ал Қарағанды облысы мен СҚО-да шамамен 11,9% мен 11%-ды құрады. Тіл үйренуді қолға алуды көздеп отырғандар саны Павлодар облысында 10,6%-бен сипатталса, Маңғыстау облысында 8,2%-бен шектелді. 2012 жылғы әлеуметтік зерттеулерге сүйенер болсақ, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық деңгейі бұл мәселенің ұтымды шешімдерді қажет ететінін дәлелдеді. Осыған орай, алғашқы міндеттер қатарын айқындайтын бағыттардың бірін қазақстандықтардың мемлекеттік тілді үйрену уәждемесі саралады. Таңдау себебі тіл үйренушілердің мақсатын анықтаумен қатар, оның қол жеткізген нәтижелерін бағалауға да мүмкіндік беретіні байқалды. Зерттеу деректеріне сәйкес, бүгін мемлекеттік тілді үйренушілер басты 5 мақсатты көздейді: 1) респонденттердің 30%-ы азаматтық парызым деп біледі; 2) 22%-ы болашағын Қазақстанмен байланыстырады; 3) 19%-ы мәнсаптық өсуге қажеттілігін бағалайды; 4) 17,2%-ы қарым-қатынас қажетін басшылыққа алады; 5) 7,2%-ы отбасының не басшылардың талап етуімен үйренетіндіктерін хабарлайды (4; 29).

Халықтың арасында тілдік оқыту саласындағы сапалы қызмет көрсету қағидаларын өзектеу Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан тіл саясатымен тығыз байланысты.

Мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту мен әлеуметтік-қатысымдық қажеттілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шараларға талдау жасау, ең алдымен, халықтың оның тиімділігі мен нәтижелері бойынша қанағаттану не қанағаттанбау деңгейін анықтау да ерекше маңызды. Жалпы көпшіліктің пікіріне сүйенер болсақ, бүгінгі ұтымды және нәтижелі жүзеге асып жатқан шаралар қатарында мемлекеттік тілде білім беру ошақтарының (балабақшалар мен мектептердің, жоғары оқу орындарында бөлімдердің т.б.) ашылуы аталып отыр, бұл көрсеткіш 65,6%-ды құрады. Жауап берген респонденттердің көзқарасына сәйкес, айтарлықтай өзгерістер мемлекеттік тілде дайындалатын теле және радиобағдарламаларының үлесіне тиіп отыр, бұл көрсеткішті 38,1%-ы айқындады. Ерекше ескерер мәселе, бұл сандық пайыз 2011 жылмен салыстырғанда 2,4%-ға төмендеген.

Халықтың мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің әр саласындағы даму бағытымен қанағаттану/қанағаттанбау деңгейі көрсеткендей, бүгінгі күні білім беру жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар халықтың қолдауына ие болған, 50,8%-дың 34,7%-ын жартылай қанағаттанғандар саны нақтыласа, тек 5,6%-ы ғана қанағаттанбағандар қатарын анықтап отыр. Келесі кезекте қанағаттанудың айтарлықтай көрсеткішін сауда-саттық, денсаулық сақтау салалары, БАҚ басылымдары, мемлекеттік органдар мен қаржылық қызмет көрсету салалары саралағаны анықталды, сандық пайыз 47,9% бен 42,1% аралығын қамтыды. Әлеуметтік салалар мен ақпараттық кеңістікте жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік тілді дамыту шаралары да респонденттер тұрғысынан ескерусіз қалған жоқ. Атап өткенде, олар Интернеттегі қазақ тілі контентінің кеңеюін бағалай отырып, 2011 жылмен салыстырғанда айтарлықтай сандық өсу дәрежесін байқатты, сөйтіп қанағаттану көрсеткіші 8,2%-дан 15,5%-ға көтерілді (4; 49). Сауалнамада көрсетілген қалған бағалау бірліктері не нөлдік деңгейді құрады, не одан сәл ғана асып түсіп 0,5% и 0,1% сияқты пайыздармен өлшенді. Бұл қатарды құраған мәселелер: оқыту әдістемесін жетілдіру, уақыт талабымен дәйектелу, қызығушылық деңгейімен анықталу сияқты шараларды қамтыды.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық ортада сұранысқа ие болуы оның меңгерілу ерекшелігімен анықталады. Бүгінгі күні Қазақстанда тұратын ересек тұрғындардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі өзге ұлт өкілдерінің үлесімен, мемлекеттік қызмет саласындағы қолданылу көрсеткішімен әрі мемлекеттік емес секторды құраған әлеуметтік топтың барлық топтарынан жинақталған жалпы көпшілікке жасалған мүмкіндіктер салмағымен өлшенеді. Әрекет етуші тілдік орталықтардың жұмысы да осы бағыттарды қамту сапасымен, қол жеткізген нәтижелерімен әрі оқыту процесін ұйымдастыру дәрежесімен анықталатынын ескерсек, тілдік оқыту нарығын сегменттеу, біріншіден, сұраныс деңгейін анықтаумен, оқыту сапасын қамтамасыз ететін әдістемелік құралдармен тығыз байланысты болса; екіншіден, тілдік дайындықтың салалық бағдары мен қатысымдық үлесімен сұрыпталады.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының орындалу деңгейі туралы Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Басшысы К. Мәсімовтің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 146 – 6 ПАБ тапсырмасына орай дайындалған мәліметтерде көрсетілгендей (5), орталықтардың жалпы санына шаққанда ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрету мақсатымен қызметін ұсынатын мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының үлесі 2014 жылы 50 % құрау керек. 2012 жылға міндеттелген көрсеткіші болмаса да, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық іс-шаралар жоспарына сәйкес 2012 жылға орталықтардың жалпы санына шаққанда, ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрету мақсатымен қызметін ұсынатын мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының үлесі 24,5 %-ға дейін ұлғаю керек. Бүгінгі күні бұл көрсеткіш 43,8 %-ды құрап отыр, демек есептік кезеңде тіл оқыту орталықтарының жалпы саны 130 болса, оның 25-і ағылшын тілін оқыту бойынша қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік басқару саласында «Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді үйреніп жүрсіз бе?» деген сұраққа жауап беру барысында төмендегідей үлес сандары анықталды: 48%-ы – жоқ, себебі білеміз; 22,1%-ы – иә, үйреніп жатырмыз; 11%-ы – үйренуді жоспарлап жатырмыз; 18,4%-ы – үйренуді бастаған жоқпыз дейтіндер. Бұл нәтижелі көрсеткіштер өңірлік аспектілердің негізінде мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеруі бойынша әр түрлі арасалмақты танытып отыр. Айталық, Ақмола облысында бұл үлес 43,6%-ды құраса, Қостанай облысында – 40,9 %, Жамбыл облысында – 40,3 %, Павлодар облысында – 35,7% және СҚО – 37,1%. Мемлекеттік қызметшілердің үштен екі бөлігі тіл үйренуге қызуғышылық танытатындықтан, «Қалай?» деген сұрақтың күн тәртібіне қойылуы заңды деп есептейміз. Нәтижесінде – 45,3%-ы жұмыс орнындарында ашылған курстарға қатысады, 19%-ы өзге мекемелерде немесе репетитормен дайындалу арқылы тілдік дайындығын көтереді, ал 7,2 %-ы мемлекеттік тілді үйрену мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернет ресурстарын пайдаланады.

Келесі сандар тізбегі бүгінгі мемлекеттік тілді үйрену үдерісінің жүзеге асу бағыттарын айқындаумен қатар, басымдық танытатын үрдістерді де бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Тілді үйреніп жатқан респонденттердің 39,7%-ы өз бетімен үйде дайындалса, 24,9%-ы жұмыс орнында курстарға қатысады, 24,9%-ы – теле және радиобағдарламалы арқылы үйренеді екен, ал 10,6%-ы жеке меншік ұйымдардағы курстарға қатысатынын мәлімдейді. Өте аз пайызды құраса да, төмендегі көрсеткіштер мемлекеттік тілді үйрену процесінің 5,9%-да жекеленген репетиторлармен, 5,1%-да оқу барысында және 2,1%-да қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асатынын көрсетеді (4; 29). Осы арада екі санға назар аудару қажет деп есептейміз: біріншіден, жұмыс орнында курстарға баратын респонденттердің 24,9%-дық көрсеткішіне; екіншіден, қарым-қатынас нәтижесін айқындайтын 2,1%-ға. 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес белгіленген міндеттер қатарында ақысыз тілдік курстардың күн тәртібіне қойылғанына қарамастан, қатысушылар санының төмен пайыз құрауы, шын мәнінде, ойландыратын мәселе. Оның себебін не уақыт жетіспеуімен, не курс сапасының төмендігімен түсіндіруге болады десек те, туындайтын бірқатар мәселелер жігі тыңғылықты зерделеуді қажет етіп отырғанын ұғынуға болады. Олар: мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру, қашықтықтан оқыту үлгілерін кеңінен қолданысқа енгізу, Қазақстанның ересек тұрғындарын оқытудың инфрақұрылымын дамыту қажеттігі, ынталандыру және т.б. Екінші көрсеткіш тілдік ортаның қажет мөлшерде қамтамасыз етілмей келе жатқанын аңғартады, өйткені 2,1%-бен сипатталатын тіл үйренудің бұл мүмкіндігі қазақ тілінде сөйлейтін контенттің әлі де болса аздығын байқатады.

Тілдік білім беру жүйесіне әсер ететін экономикалық, әлеуметтік-саяси факторларды ескере әрі бұл бағыттағы кадр дайындығының кәсіби деңгейін назарға ала отырып, аса маңызды міндеттер қатарында төмендегідей мәселелер жігін бөліп көрсеткен дұрыс:

1. Мемлекеттік тілдің қазақстандық әлеуметтік-қатысымдық ортадағы орны мен белсенділігін, әр түрлі салалардағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын анықтау мақсатында көпшіліктің пікірін зерттеп талдау қажеттігі: мемлекеттік басқару, кәсіби қызмет, күнделікті қолданыс пен бұқаралық ақпарат құралдары бойынша мәліметтерді жинақтау.

2. Қазақстан Республикасының құқықтық базасын іс-шаралар жоспары мен нысаналы индикаторларға сүйене отырып зерделеу. Тіларалық байланыс пен өзара ықпалдасу құрылғылары және интерференция процестері бойынша мониторинг жүргізу: тілдік ортаның қалыптасуына ықпал ететін өңірлік және шекаралас аймақтардағы ерекшеліктерді талдау қажеттігі.

3. Әлеуметтік, педагогикалық және лингвистикалық әдістер негізінде тілдік дайындық деңгейін зерделеу және мониторинг жасау маңыздылығы: тілдік білім беру мен тестілеу жүйелерін қамти отырып, тілдік орталықтардың жағдайы бойынша аудит критерийлерін дайындап, аккредитация жүргізу.

4. Халықаралық тәжірибемен танысу негізінде тілдік білім беру орталықтарының қазақстандық өзгешелігін сақтай отырып, әлемдік стандарттарға бейімділігін анықтау қажеттігі: тілдік орталықтардың тиімділігі мен нәтижелі көрсеткіштерге ие болу деңгейін сандық және сапалық көрсеткіштерге сүйене талдау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

3 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы.

4 Языковая политика в Республике Казахстан (результаты социологического исследования). – Астана, 2012 – 254 с. – Под ред. А. Садвакасовой и Б. Ракишевой.

5 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу деңгейі туралы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы К. Мәсімовтің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 146 – 6 ПАБ тапсырмасы бойынша есеп.

Дата поступления статьи в редакцию 3.02.2014